

**"Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 04 желтоқсандағы № 642 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 желтоқсанда № 8208 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 152 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2014 № 152 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (П.К. Нокин) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Қ. Қасымов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 2 с ә у і р д е г і  
№ 6 4 2 б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

# «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – регламент) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына сәйкес, сонымен қатар «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1265 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес әзірленген.

2. Осы регламентте мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) тұтынушы – мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш білдірген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) құрылымдық-функциялық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын уәкілетті органдардың жауапты адамдары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөліністері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе кіші жүйелер.

3. Мемлекеттік қызметті Стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық көші-қон полициясы бөліністері (бұдан әрі – көші-қон полициясы бөліністері) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 6-бабының;  
2) Стандарттың;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің «Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу және қарау ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы № 496-ө (№ 6681 нормативтік құқықтық актілер реестрінде тіркелген) және «Босқын куәлігі, жол жүру құжаты, пана іздеген адамның куәлігі үлгілерін бекіту туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы № 498-ө (№ 6682 нормативтік құқықтық актілер реестрінде тіркелген) бұйрықтарының негізінде жүзеге асырылады.

6. Босқын мәртебесін және босқын куәлігін беру, босқын мәртебесін ұзарту немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі болып табылады.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызметті тұтынушының тұрақты тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясы бөліністері көрсетеді.

8. Мемлекеттік қызмет аптасына бес жұмыс күні сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін ұсынылады. Қабылдау кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жылдам қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ИМ) [www.mvd.gov.kz](http://www.mvd.gov.kz) интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімінде облыстардың, Астана, Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінде (бұдан әрі – ИД), сондай-ақ көші-қон полициясы бөліністері ғимаратында орналасқан ресми ақпарат көздері мен стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттар ұсынады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап, аумақтық бөліністе босқын мәртебесін беру туралы өтініш тіркелген күнінен бастап үш ай ішінде көрсетіледі;

2) құжаттарды тапсыру кезінде тұтынушының ең ұзақ кезек күту уақыты – 30 минут;

3) қажетті құжаттарды алу кезінде тұтынушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты – 30 минут.

12. Стандарттың 16-тармағында көзделген мән-жайлар пана іздеген адамдарға босқын мәртебесін беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-қимылдың (өзара іс-қимыл) сипаттамасы**

13. Көші-қон полициясы бөліністерінде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, оларда көші-қон полициясы инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

Көші-қон полициясы бөлінісіне құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушыға Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

құжаттардың нөмірі және қабылданған күні;  
сұрау салынатын мемлекеттік қызметтің түрі;  
құжаттарды беру күні, уақыты және орны;  
құжатты қабылдаған көші-қон полициясы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тиісті құжаттарды қабылдау туралы талон беріледі.

14. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар жоқ.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай ҚФБ тартылған:

1) Ішкі істер органының қалалық, облыстық көші-қон полициясы басқармасының көші-қон полициясы бөлімінің қызметкері Қазақстан Республикасында босқын куәлігін қабылдауды және беруді жүзеге асырады;

2) ІІД Көші-қон полициясы басқармасының (бұдан әрі - ІІД КҚПБ) бастығы, бастығының орынбасары - босқын куәлігін беру туралы қорытындыны бекітеді;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Астана және Алматы қалалары және облыстар бойынша департаменттері – Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру жөніндегі материалдарды келіседі.

16. Осы регламентке 1-қосымшада әрбір әкімшілік іс-қимылды орындау мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-ның әкімшілік іс-қимылының (рәсімдерінің) реті мен өзара іс-қимылының мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

17. Осы регламентке 2-қосымшада мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әкімшілік іс-қимылдардың қисынды реті мен ҚФБ-ның арасындағы өзара іс-қимыл сызбасы келтірілген.

«Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) реті мен өзара іс-қимылының сипаттамасы

### 1-кесте. ҚФБ іс-қимылының сипаттамасы. Негізгі процесс.

Негізгі процестің іс-қимылы (жұмыс барысы, ағыны)			
1	Іс-қимылдың (жұмыс барысы, ағыны) №	1	2
2	ҚФБ атауы	КҚПБ	КҚПБ
3	Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тексеру	арнайы есептер бойынша тексеру
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	комиссияда босқын мәртебесін беруді қарау немесе дәлелді бас тарту	босқын мәртебесін беру немесе одан дәлелді бас тарту
5	Орындау мерзімі	3 ай	Күнтізбелік 3 күн

«Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін беру ұзарту» регламентіне 2-қосымша

Республикасында беру және қызмет мемлекеттік

**Әкімшілік іс-қимылдардың қисынды реті арасындағы өзара байланысты көрсететін сызбалар**

